



EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТ «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің 2025 жылдың 3-тоқсанындағы жетістіктері мен оқиғалары»



ШҚТУ UNIRANK ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АРАСЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті әлемдік университеттер мен колледждер UniRank 2025 жаһандық рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 1-орынды иелене отырып, Цифрлық көшбасшы мәртебесін тағы да растады!

[Толығырақ](#)



SMART DRIVING TECHNOLOGY ИНЖЕНЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ

2025 жылдың қыркүйек айының бірінші онкүндігінде Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Smart Driving Technology инженерлік орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтеді. Бұл орталық – көлік және инженерия саласындағы интеллектуалды шешімдерді өзірлеуге және енгізуге бағытталған жоғары технологиялық алаң.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ CDIO ASIAN REGIONAL MEETING 2026 ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ БОЛАДЫ

CDIO дүниежүзілік бастамасын іске асырудағы университетіміздің жетістіктерін ескере отырып, CDIO Азия халықаралық комитетінің шешімімен Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ (Қазақстан) CDIO Asian Regional Meeting 2026 хост-ұйымдастырушысы болып таңдалды.

[Толығырақ](#)




ШҚТУ — РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЖОБАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ БІРІ

2025 жылғы шілдеде Астана қаласында Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ командасы "3.2.1. Бастау!" жобасының финалында тағы да жеңімпаз атанды.

Бұл жоба еліміздің ең белсенді жоғары оқу орындарын біріктіріп, жастарды нақты экологиялық әрекеттерге шабыттандырады.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ-ДЫҢ ЖАҢА ГРАНТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландырудың республикалық конкурсында университеттің жетекші ғалымдары жеңімпаз болғанын мақтанышпен хабарлайды. Қолдау еліміздің ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттары — экология және табиғатты тиімді пайдалану, озық технологиялар мен материалдар, зияткерлік әлеует, өмір мен денсаулық туралы ғылым салаларында көрсетілді.


[Толығырақ](#)



ШҚТУ ҒАЛЫМЫ – АРХЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМИ ЖЕҢІС ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (ШҚТУ) өз ғалымының әлемдік ғылым кеңістігіндегі елеулі жетістігі туралы мақтанышпен хабарлайды. ШҚТУ жанындағы «Алтын Алтай» музейінің ғылыми қызметкері Михаил Викторович Вавулин халықаралық ірі зерттеу жобасына қатысып, бұл жұмыс тек ғылыми қауымдастықтың ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығының қызығушылығын тудырды.

[Толығырақ](#)



«ALLUR» АВТОЗАВОДЫМЕН ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ: СӘТТІ БАСТАМА МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР!

2024 жылдың қыркүйек айында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Allur автокөлік зауыты студенттерге арналған дуалды оқыту туралы келісімге қол қойылды. «Көлік, көлік техникасы және технологиялары», «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» және «Механика және металл өңдеу» білім беру бағдарламаларының студенттері жыл бойы Қостанай қаласындағы Allur зауытының өндірістік базасында оқудан және тәжірибеден өтті.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ЖӘНЕ ИНДОНЕЗИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне ресми сапармен Индонезия Республикасының Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Жоғары мәртебелі мырза Мохамад Фаджрул Рахман келді.

Делегация құрамына елшілік өкілдерімен қатар Индонезияның жетекші жоғары оқу орындарының студенттері кірді: Президент университеті (Бекаси), Гонтор университеті (Шығыс Ява), Эйрлангга университеті (Сурабая), Чипутра университеті (Джакарта).

[Толығырақ](#)



II ҚАЗАҚСТАН-GERMANIA АПТАЛЫҒЫ ШҚТУ-ДА: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

2025 жылғы 22–26 қыркүйек аралығында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті II Қазақстан-Германия апталығы «Ғылым және білім: Қазақстан мен Германияның серіктестігі» шарасының өткізілу алаңына айналды.

Бұл шара Қазақстан мен Германияның жетекші университеттерін, сондай-ақ ғылым, білім және өнеркәсіп саласындағы негізгі ұйымдарды біріктірді.

[Толығырақ](#)



AIU MEN ШҚТУ АРАСЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК – ЖАҢА ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті ғылым мен технология саласындағы көшбасшылық орнын нығайта түсуде. Astana International University және SpaceLab компаниясымен бірлесіп, ғылыми және ғылыми-техникалық өзіндік жобалар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

[Толығырақ](#)



ҮНДИСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ КАДЕТ КОРПУСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛДЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне полковник Narayan Ranjeet бастаған Үндістан Республикасының Ұлттық кадет корпусы (ҰКК) делегациясы ресми сапармен келді. Визит бағдарламасы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және тәжірибе алмасуға бағытталды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ-ДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОФИСІ АШЫЛДЫ!

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде студенттер, түлектер мен оқытушылардың күш-жігерін біріктіретін жаңа алаң – Тұрақты даму офисі (Sustainability Office) өз жұмысын бастады.

[Толығырақ](#)



МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВ Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ-ДАҒЫ ЛУ БАНЬ ШЕБЕРХАНАСЫНА БАРДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Спикері, «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов бастаған депутаттар тобы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді. Кездесулерге сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты. Жұмыс сапары аясында делегация Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде орналасқан «Лу Бань» шеберханасына барды - бұл инновациялық халықаралық орталық Тяньцзинь кәсіби институтымен (ҚХР) әріптестікте құрылған.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті «АМАНАТ» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Әйелдер қанаты ұйымдастырған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына белсенді қатысты.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ-НІҢ ТҮЛЕГІ ПОЛИЦЕЙЛЕР МЕН ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ОЙЫНДАРДЫҢ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

АҚШ-тың Алабама штаты, Бирмингем қаласында беделді халықаралық жарыс — полиция және өрт сөндірушілердің Әлемдік ойындары өтті. Бұл сайыстағы жарқын жеңіс Қазақстан мен Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті үшін үлкен мақтаныш болды. Біздің түлектеріміздің бірі - Нұрқанат Үтешов қол күрестен (армрестлинг) екі қолымен бірдей чемпион атанды.

[Толығырақ](#)